

ОӘК: 372. 367

Ақманова Ғалия Рахметоллақызы

Педагогика ғылымдарының кандидаты. Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қаласы.

e-mail: Erke-7979@mail.ru

Кикина Марина Ивановна

Педагогика ғылымдарының кандидаты. Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қаласы.

e-mail: guma_6565@mail.ru

Карипбаева Шынар Тоқтарқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы. Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қаласы.

e-mail: shinar_semei@mail.ru

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАҒА ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ
АДАМГЕРШІЛІК СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиесіне байланысты. Педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат – мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Мақалада мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесіне тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылатындығы. олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болатындығы қарастырылады.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, адамгершілік, ойын, мейірімділік, шығармашылық, эмоция, дидактикалық, сюжетті- рөлді.

Дети детского сада, являясь будущим хозяином, должны быть высококвалифицированными, узнаваемыми мировыми культурами, знающими свою самобытную культуру, уважающими, богатым духовным миром, сознательно мыслимым уровнем. Это связано с воспитанием многовекового опыта наших предков, воспитанием их у подростков, развитием их отношения, поведения, отношения к жизни и правильной организации окружающей среды. В педагогике особое внимание уделяется игре ребенка, так как ощущения и впечатления детства оставляют неизгладимый след в душе человека. Сегодня радость через игру ребенок себя их друг от друга, обиды, мечты о возвышенном, мурат – отражает интересы, в тот же день в жизни, получает возможность реализовать фантазию мечты завтра.

В статье рассматриваются вопросы нравственного воспитания в дошкольных учреждениях и реализации различных видов деятельности в образовательном процессе. с ними можно организовывать различные виды игры, воспитывать друг друга чувства милосердия, доброты, сострадания, дружбы, товарищества.

Ключевые слова: общение, нравственность, игра, доброта, творчество, эмоции, дидактические, сюжетно-ролевые игры

Children of kindergarten, being the future owner, have to be highly qualified, recognizable world cultures knowing the original culture, respecting, the richest spiritual world, consciously conceivable level. It is connected with education of centuries-old experience of our ancestors, education of them at teenagers, development of their relation, behavior, the relation to life and the correct organization of environment. In pedagogy, special attention is paid to the child's play, as the sensations and impressions of childhood leave an indelible mark on the soul of a person. Today, the joy through the child's play themselves from each other, resentment, dreams of the sublime, Murat-reflects the interests, the same day in life, gets the opportunity to realize the fantasy dreams of tomorrow.

The article deals with the issues of moral education in preschool institutions and the implementation of various activities in the educational process. with them you can organize different kinds of games, educate each other feelings of mercy, kindness, compassion, friendship, camaraderie.

Keywords: communication, morality, game, kindness, creativity, emotions, didactic, story-role-playing games.

XXI ғасыр- білімділер ғасыры
болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай

дені сау, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған
ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға

қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асыруда, балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда ұлттық педагогиканың алатын орны зор, оның ішінде ойынның орны ерекше. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі.

Ойын- мектепке дейінгі балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбиенің шешуші шарты болып табылады. Ойын үстінде бала жеке тұлға ретінде дамиды, адамдармен қарым-қатынасты, әрекетті өзі реттеп, ойлаудың алғашқы тәжірибесін алатындығы дәлелденген. Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын – сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды.

В.А.Сухомлинский сөзімен айтқанда: “Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Балалардың сәби шағынан бастап, дене бітімінің дұрыс жетілуіне мән беріп, дәстүрлі жаттығулар мен кимыл ойын түрлерін қолдана білгені дұрыс.

Ойын кезінде жан-жақты тәрбиелеудің мақсаты әр жас кезеңде ойын әрекетінің психологиялық негізін құрастырған жағдайда ғана табысты іске асырылады. Бұл ойынның дамуы баланың психикасын үдемелі өзгертумен және ең алдымен бала тұлғасының барлық жағынан дамудың фундаменті болып табылатын оның интеллектуалдық ортасына байланысты. Ойында психикалық үрдістер: қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу т.б. қалыптасады [1,128б].

Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» деп айтқандай ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс - әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрле мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс - әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл - ой, адамгершілік дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді,

ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Әр түрлі білімдер, әсерлі баланың рухани әлемін байытады, осының барлығы ойында көрініс береді. Ойын міндеттерін шешу заттық әрекеттің көмегімен ойын тәсілдерін шынайы танып, қорытудан көрінеді. Сонымен бірге бала күнделікте өмірде нақты, анық білімдерді ғана емес, сондай-ақ түсініксіз, жорамалданған пікірлерді де алатындығы белгілі. Мысалы, бала теңізшінің кім екенін біледі., Бірақ оның қандай іспен айналысатындығы білмеуі мүмкін. Өзінің түсінігін толықтыру үшін ойын үстінде сұрақтар қойып, соған жауаптар алу арқылы айқын білімін толықтырып отырады [2,17б].

Қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тай, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек- көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, қыз қуу, асық, хан талапай, теңге алу, орамал тастамақ, аксүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады.

Ойын бір жағынан, баланың жақын даму зонасын дамытатындықтан, мектеп жасына дейінгілердің негізгі әрекеті болып табылады. Мұнда жаңа прогрессивті әрекеттің жаңа түрлері туады және өзінің мінез-құлқын еркінше басқаруын, ұжымдық, шығармашылық әрекет ету ептілігін қалыптастырумен байланысты. Ал екінші жағынан, өнімді әрекеттің түрлері оның мазмұнымен қоректенеді және баланың үнемі өмірлік тәжірибесі молайып отырады.

Ойында баланың даму ең алдымен, оның мазмұнының әр түрлі бағыттылығына байланысты өтеді. Дене (қозғалмалы), эстетикалық (ән-күй), ақыл-ой (дидактикалық, сюжетті- рөлдік) тәрбиесіне тура бағытталған ойын түрлері бар. Барлық ойын түрлерін тікелей ересектердің қалыптасуымен және баланың белсенділігінің түрлі формасымен үлкен екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топ- бұл ойынды өткізуде және дайындықта ересектердің жанама түрде қатысуы. Балалардың белсенділігі (ойын әрекеті мен шеберлігін белгілі бір деңгейде қалыптастыру жағдайында) инициативті, шығармашылық сипатқа ие, балалар өз бетінше ойын мақсатын қоюға қабілетті,

ойынды дамытуға және міндеттерін шешуде қажетті тәсілдерді табады. Өз бетінше ойнайтын ойындарда балалардың инициативасын көрсететіндей жағдайлар жасалады. Бұл топқа әсіресе, өзінің даму қызметімен құнды, әрбаланың жалпы психикалық дамуына үлкен мәнге ие танымдық және сюжеттік ойындарды енгізуге болады.

Екінші топ- бұл әртүрлі үйрететін ойындар, ересектер ойынның ережесін айтып немесе ойыншықтардың құрылымын түсіндіріп, белгілі бір нәтижеге жету үшін әрекет етудің белгіленген бағдарламасын жасайды. Бұл ойындарды тәрбиелеу мен оқытудың нақты міндеттері шешіледі: бұлар белгіленген бағдарламадағы тақырыптар мен ережелерді меңгеруге бағытталған. Оқыту ойындары мектеп жасына дейінгілерде адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде маңызды. Ойынды үйретуде балалардың белсенділігі негізінен репродуктивті сипатқа ие: олар берілген бағдарлама әрекетінде әрекетінде ойынның міндеттерін шешуде тек қана оларды жаңадан өндіреді. Балалардың құрастыруы мен ептілігінің негізінде шығармашылық элементтері көп кездесетін өздік ойындарды ойындарды ойлап шағарады.

Ойындағы жетістікті баланың сабақтарда жүйелі білім алу мүмкіндігіне маңызды әсер етеді, құрбы- құрдастары мен ересектердің ортасында оның шынайы адамгершілік эстетикалық бағытының әбден жетілуіне мүмкіндік туғызады. Әр түрлі ойындарды балаланың жас ерекшеліктеріне сай өз уақытында және дұрыс қолданғанда «Мектепке дейінгі мекемелердегі берілген оқыту және тәрбиелеу бағдарламасын» өз деңгейінде шешуді қамтамасыз етеді [3,88б].

Сондықтан да педагогика бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмір-бақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертен сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш- жігерін жаттықтырады., қоршаған орта мен

құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді [4,24б].

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог-ғалымдар «жақсы ойын-жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын- жаман жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма, шамалы деген түйін жасайды. Өйткені, әр бір жас кезінде ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр-қайрат жұмсауды керек етеді. Белсенді іс-әрекет пен күш –жігер жұмсалмаған ойын, жақсы ойын болып табылмайды. Жақсы ойын да , жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып рақатқа бөлейді. Демек, осы жағына ойын мен жұмыстың ұқсастығы байқалады. Баланың ойынында да белгілі дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын [5,2б].

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынады: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды., мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдіңөзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Бірақ бала одан ойын екенін білмейді деген түсінік тумайды. Сондықтан шындықтағыдай «сөйтеік, бүйтіп көрейік » деуі, олардың «ойынды ойын» деп түсінуінде жатыр. Осыдан келіп ойын туралы мынадай тұжырым жасалады:

а) Ойын- тәрбие құралы, ақыл- ойды , тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең- тақпақтардың негізгі мақсаты тақырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде

дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез- келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгенде ары қарай өз биігінде қалуға тырысса жеңілгендер айып тартады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы балалардың бойында өнердің нұрын себу, өлең- тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес [6,116].

Баланың жеке басының қалыптасуындағы ойынның маңызы ерекше. Ойын- өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі. Ойында балалардаң ұйымдасушылық дағдылары қалыптасып, шыңдалады, ұстамдылығы, жағдайларды салыстырып, бағдарлау іскерлігі, тағы басқа жетіле түседі. Ойын процесінде балалар жолдастарына сыпайы, достық ықыласпен, қарау сезімі басқалардың талап- тілегімен санаса білуге, қиын жағдайда оларға көмектесуге, ойынға қажетті құралдарды пайдалану жөнінде келісіп алуға үйренеді. Олар өз араларында туған таласты әділ шешуге үйренулері керек. Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелей отырып, олардың бойына күнделікті

өмірге қажетті әр түрлі машықтарды қалыптастырамыз. Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқыла бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым- қатынас жасайды [7,116]. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Тәрбиеші балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойынның мазмұны мен ережесін, өзінің ойындағы рөлін пайдаланып, ойнаушылардың ынтасын басып тастамай, әдеп пен ойынның барысын, олардың өзара қарым- қатынасын бағыттап отырады. Өзі де сол рөлге қатыса алады. Ойынның көп уақыты серуенде өтеді. Сондықтан аулада арнайы құрылыстар, ғимаратты (кемелер, автобустар), көптеген құрылыс материалдары кубиктер , доптар, секіргіштер болуға тиіс. Ойын сонымен бірге оқу үстіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықшылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова, Ф. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. - Астана, 2012, 128-230бет.
2. Ғ. Дүкенбаева. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы: Рауан, 1992.3-17 б.
3. Баймуратова, Дүкенбаев. «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы» Алматы: Рауан, 1992.88-93 бет
4. С.Фейзулдаева. Балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі ойынның маңызы. Бастауыш мектеп, 2007 жыл №8-9, 24-25 б.
5. Ұ.Қ. Керімбек. Баланы ойын өсіреді. Отбасы және балабақша, 2003 жыл №4, 2-3 бет
6. Э.Аглакова. Ойын- балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы. Отбасы және балабақша, 2008 жыл №1, 11 бет
7. Р.Қ Керімбаева. Ойын түрлері және оның ерекшеліктері. Бастауыш мектеп, 2008 жыл №3 11-13 бет

Ақманова Галия Рахметоллақызы

Лауазымы: Педагогика ғылымдарының кандидаты.Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қаласы.

Пошталық мекен-жайы: Индекс 071400 Семей қ, Физкультурная көшесі 25.

Ұялы. тел: 87777422212

Кикина Марина Ивановна

Лауазымы: Педагогика ғылымдарының кандидаты. Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қаласы.

Пошталық мекен-жайы:Почталық мекен-жайы: Индекс 071400, Семей к., Селевина көшесі 19

Ұялы. тел: 87028340696

Карипбаева Шынар Тоқтарқызы

Лауазымы: Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы. Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қаласы.

Пошталық мекен-жайы: Индекс 071400 Семей қ, Глинки көшесі 39.

Ұялы. тел: 87075395967Мектеп жасына дейінгі балаға ұлттық ойын арқылы адамгершілік сезімін қалыптастыру.

Ақманова Галия Рахметолиновна

Должность: Кандидат педагогических наук. Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей.

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Физкультурная 25.

сот. тел: 87777422212

Кикина Марина Ивановна

Должность: Кандидат педагогических наук. Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей.

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Селевина 19.

сот. тел: 87028340696

Карипбаева Шынар Тоқтаровна.

Должность: Магистр педагогических наук, старший преподаватель. Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей.

Почтовый адрес: Индекс 071400 г. Семей, ул. Глинки 39.

сот. тел: 87075395967

Формирование у дошкольников нравственных чувств через национальную игру.

Акманова Галия Рахматулина

Position: Candidate of pedagogics. Kazakh humanitarian law innovation University, Semey.

Mailing address: Index 071400 Semey, 25 Fizkulturnaya street.

Mob.phone: 87777422212

Кикина Марина Ивановна

Position: Candidate of pedagogics. Kazakh humanitarian law innovation University, Semey.

Mailing address: Index 071400 Semey, 19 Selevin street.

Mob.phone: 87028340696

Карипбаева Шынар Токтаровна

Position: Master of education, senior lecturer. Kazakh humanitarian law innovation University, Semey.

Mailing address: Index 071400, Semey, st. Glinka 39

Mob.phone: 87075395967

Formation of moral feelings in preschoolers through the national game.